Абай облысы Сарыарқа ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерімен мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілетін жұмыстар туралы жиын қорытындысының хаттамасы

Сарыарқа ауылы 2023 жылғы 10 қаңтар 11:00

Жиынға жергілікті қоғамдастық мүшелері толық қатысты.

1.Баяхметов Б.
2.Жунусов Р.
3.Кайынбаев К.
4.Бекентуров Ж.
5.Райстанов Д.
6.Юсупжанов Е.
7.Смаилов Р.
8.Макажанов Р.
9.Шалов А.
10.Каирбаев Т.
11.Аделханова К.
12.Жумадилова М.
13.Кудайбергенов Н.
14.Абилмажинов С.
15.Рамазанова Г.

Жиналыстың шақыруы Тайкенов Т.Сарыарқа ауылдық округі әкімімен ашты.

Жиналыстың шақыруын жүргізу үшін ашық дауыс беру арқылы жиналыстың төрағасы Б.Баяхметов пен хатшысы Г.Рамазанова сайланды:

Күн тәртібінде: Мемлекеттік сатып алу бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы

Ауыл әкімі Т.К.Тайкенов:

1. Мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес 2022 жылдан бастап барлық зат, қызмет, жұмыс түрлеріне бір көзден келісімшарт жасау үшін ең алдымен конкурсқа берілуі тиіс немесе басқа жағдайлар болатын болса нақты себебін көрсете отырып тікелей бір көзден сатып алу үшін келісімшарт жасау қажет. Осыған орай алдағы уақытта мемлекеттік сатып алу жұмысының талаптарын айқындап, қандай жағдайда зат, жұмыс, қызмет бір көзден сатып алынатынын анықтау.

2. Қарлы боран соғып жолды жабу себепті және уақыттың тығыздығына байланысты жолды қардан тез арада ашу үшін ЖК «Мадинамен» мемлекеттік сатып алуды бір көзден таңдауды ойластыру.

Жергілікті қоғамдастық өкілдері ақылдаса келе, келесі **Шешімді қабылдады:**

1. «Абай облысы Аягөз ауданы Сарыарқа ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің жылдық жоспарында мемлекет тарапынан анықталған жалғыз мердігер (халыққа қызмет көрсету орталығы, электрэнергия тағы басқа), байланыс-интернет, пошта жүйесі қызметтері, интелектуалды қызмет-жұмыс түрлері, жедел арада жасалуы тиіс жұмыстар және халық қажеттілігі үшін дереу арада жасалынатын жұмыстар конкурс процедурасының ұзақтығына байланысты бір көзден сатып алу мақсатында келісімшарт жасалса, басқа жағдайдағы кез-келген қызмет, жұмыс, заттар мемлекеттік сатып алу заңнамасында көрсетілген конкурстық процедуралар арқылы жүзеге асуы тиіс.

2. Ауылымызда биыл қарлы боран жылдағыдан көп мөлшерде түсіп, көлік қозғалысына кедергі келтіруде, 2-3 күндеп қалаға қатынай алмадық. Тез арада жолдарды ашу үшін ЖК «Мадина» мен мемлекеттік сатып алу бір көзден таңдалсын.

Жиналыстың төрағасы **Б.Баяхметов**

Жиналыстың хатшысы **Г.Рамазанова**